8D10101 «Қоғамдық денсаулық сақтау» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне ұсынылған Амирханова Гулсим Нуркеновнаның «Дәрілік заттарды ұтымды пайдалану мәселелерін және фармацевтердің жалған дәрілік заттар туралы хабардар болу деңгейін талдау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

ПІКІР

Г.Н. Амирханова зерттеу жұмысының барлық кезеңдерін өз бетінше жүйелі түрде жүзеге асырды: отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерді талдау, фармацевттер мен науқастарға сауалнама жүргізу, статистикалық деректерді жинау және өңдеу, докторлық диссертация жазу, сондай-ақ ғылыми негізделген практикалық ұсыныстар әзірлеу. Докторант ғылыми-зерттеу жұмысының халықаралық стандарттарына сай әдістерді қолданып, алынған нәтижелерді нақты және дәлелді түрде ұсынды.

Ұсынылып отырған докторанттың ғылыми жұмысы денсаулық сақтау жүйесіндегі өзекті әрі әлеуметтік маңызы жоғары мәселелердің бірі – дәрілік заттарды ұтымды пайдалану және жалған дәрілік заттармен күрес контексінде фармацевтердің хабардар болу деңгейін зерттеуге арналған.

Зерттеу тақырыбы қазіргі фармацевтикалық нарықтағы жаһандану, дәрілік заттардың айналымының күрделенуі, сондай-ақ жалған және сапасыз дәрілік өнімдердің халық денсаулығына тигізетін қауіп-қатерінің артуы жағдайында ерекше өзектілікке ие. Фармацевтердің кәсіби рөлі мен жауапкершілігін ескере отырып, олардың жалған дәрілік заттарды анықтау және алдын алу мәселелері бойынша білім деңгейін бағалау ғылыми әрі практикалық тұрғыдан маңызды болып табылады.

Докторант зерттеу барысында дәрілік заттарды ұтымды пайдалануға әсер ететін негізгі факторларды жүйелі түрде талдаған, фармацевтердің хабардар болу деңгейін бағалау үшін социологиялық зерттеу әдістерін (сауалнама, сұхбат) және статистикалық талдау тәсілдерін қолданған. Зерттеу нәтижелері отандық және шетелдік ғылыми дереккөздермен салыстырмалы түрде негізделіп, тақырыптың теориялық аспектілері жеткілікті деңгейде ашылған.

Жалпы алғанда, докторанттың ғылыми жұмысы қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес орындалған, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңызы бар, құрылымы талаптарға сай және тұжырымдары негізделген.

Диссертация тақырыбы бойынша Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда 2 мақала, Scopus халықаралық базаларында индекстелетін басылымдарда 1 мақала жарияланған.

Сонымен қатар, Зерттеу нәтижелері оқу процесіне (6B10104 – «Фармация» білім беру бағдарламасының «Денсаулық сақтаудағы басқару» пәнінің силлабусына қосылды 4 курс және Шымкент қаласының 1,6,7,9 қалалық емханасымен ендіру актісі жасалды.

Осыны ескере отырып, ұсынылып отырған жұмыс докторантура деңгейіндегі ғылыми зерттеулерге қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді.

Қорытындылай келе, «Дәрілік заттарды ұтымды пайдалану мәселелерін және фармацевтердің жалған дәрілік заттар туралы хабардар болу деңгейін талдау»тақырыбындағы диссертациялық жұмысты жоғары бағалауға лайық деп санаймын және ізденуші Амирханова Гулсим Нуркеновна философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беру орынды деп есептеймін.

Ғылыми кеңесші,
С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ
«Қоғамдық денсаулық сақтау»
кафедрасының профессоры **Нурбақыт А.Н.**